

## ДӘСТҮРЛІ ДІН ТУРА ЖОЛҒА БАСТАЙДЫ

Еліміз азаттыққа қол жеткізген күннен бастап Ислам дініне үлкен мән беріле бастады. Ислам дінінің негізін салушы – Мұхаммед Пайғамбар - адамзатқа екі дүниеде бақытты болудың жолын көрсетіп, адам баласын сара да таза жолға салды.

Бұл орайда дәстүрлі дініміздің мерейін арттыруға зор үлес қосып келе жатқан «Нұр-Мұбарак» университеті исламтанушыларды, дінтанушыларды, араб тілі мен әдебиетінің аудармашыларын даярлайды. Аталған университеттің мақсаты мешіттерде жұмыс істейтін сауатты мамандар даярлау, сондай-ақ бабаларымыздан мирас болып қалған дәстүрлер мен діни нанымдарды насихаттау, тәуелсіз мемлекетіміздегі барша жұртшылыққа бірлік, достық және бейбітшілік деген сөздердің маңыздылығын түсіндіру болып табылады. Жуырда Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының тыңдаушылары осы «Нұр-Мұбарак» университетінің қызметкерлері Жасұлан қажы Әлімханұлымен және Қостанай қаласының бас имамы Шоқан қажы Әмірхановпен кездесті.

Кездесу барысында, дін өкілдері дәстүрлі емес діни ағымдар жөнінде, олардың қоршаған ортаға, қоғамға қаншалықты қауіптілігі туралы кеңінен әңгімелеп, полиция қызметкерлерінің теріс ағымдарға қарсы жүргізіп жатқан игілікті істеріне алғыс білдірді.

Өз кезегінде Академия бастығы полиция полковнигі Мирлан Қызылов та қажыларды оқу орнының тарихымен таныстырып, академияға берілген мемлекет және қоғам қайраткері, екі рет Ішкі істер министі болған генерал-лейтенант, ІІМ-нің еңбек сіңірген қызметкері Шырақбек Қабылбайұлы Қабылбаевтың еңбек жолымен таныстырды. Ш.Қабылбаевтың әділ де қамқор басшы болумен қатар қазақ және орыстың классикалық әдебиетін тамаша білгенін, өзінің танымал жерлесі Абайды құмарта оқығанына тоқталып, академия тыңдаушыларының оның өмір жолын үлгі тұтатынына тоқталды. Білгір басшы бола білген Ш.Қабылбаевтың милиция қызметінің мәртебесін және кәсіби беделін ерекше бағалап, жоғары деңгейде көтерген тұлға екенін тілге тиек етті.

Кездесу соңында, Академия басшылығы Жасұлан қажы Әлімханұлы мен Шоқан қажы Әмірхановқа алғыстарын білдіріп, естелікке суретке түсті.

Орынбасар Уақпаева  
Қостанай академиясы  
баспасөз қызметінің баспасөз хатшысы